

Бекітемін:

Мектеп директоры

Б.Ж. Нуртазина

« 31 » 08 2023ж

Келісемін:

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары:

Н.А. Азов

« 31 » 08 2023ж

«Шебер қолдар»

(үйірмесі)

Орындады: Иманбаева Г.Ш.

Ә/Б отырысында қаралды: « 31 » 08 2023 ж

(Ә/Б жетекшісі) Төлекбаева Г.И. *Төлекбаева Г.И.*

№ 1 хаттама 31 күні 08 айы 2023 ж

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия

«Шебер қолдар»

үйірмесі

"Әртүрлі материалдардан бұйымдар жасау"
технологиясы бойынша ақылы үйірме

Көркем еңбек пәні мұғалімі: Иманбаева Гульмира
Шукирбаевна

2023-2024 жж.

Бағдарламаның мақсаты:

Балаларға үйірме сабағында оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту. Бүгінгі ұрпақ өзінің мінез-құлқын, тілін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Осы мақсатта құрылған «Шебер қолдар» қолөнерге баулу үйірмесі оқушылардың ықылас-ынтасын дамытып, болашақ маман ретінде және кәсіпкерлікке баулуға, өзін-өзі тануға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның міндеті:

Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу. Шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету. Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын. Олай болса, біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүние танымы, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман жастарды тәрбиелеу.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйретеді.

Бұл авторлық бағдарлама, бұл бағдарламаны жасауда өзімнің жылдар бойы жасаған тәжірибемді пайдаландым. Бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты 5-9 сыныптарда оқитын оқушыларға арналған.

Үйірменің апталық жүктемесі 4 сағат, жылына 144 сағатқа арналып құрастырылған.

Үйірме барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, пәнге деген ұмтылыстары, оны меңгеру деңгейлері ескерілді.

Үйірме отырыстарында оқушылардың деңгейіне қарай практикалық және шығармашылық жұмыстар қойылып, түрлі әдіс-тәсілдерді меңгеріп, орындау қарастырылды.

Күтілетін нәтижелер:

1. Еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, ізденімпаздыққа үйренеді;
2. Өз жұмысына және өз жолдастарының жұмысына әділ баға беруді үйренеді;
3. Пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеттері артады;
4. Оқушылар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепішілік, аудандық, облыстық көрмеде көруі, түрлі қолөнер көрмелерінде жұмыстарды шығара алады. Республикалық, халықаралық онлайн, офлайн көрмелерге қатысуға мүмкіндік алады.

Бұл бағдарлама 10 бөлімнен тұрады.

Кабинетте жалпы тәртіп сақтау, қауіпсіздік техникасы ережелері, санитарлық-гигиеналық талаптар және еңбек қауіпсіздігі. Ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

- Әр түрлі материалдармен жұмыс бөлімінде қалдық материалдармен жұмыс жасауды үйренеді. Киімдерге екінші өмір сыйлау жамау, ағаш ұнтағымен жұмыс түрлерін үйренеді.

- Сәндік қолданбалы қолөнер түрлері бөлімінде жүннен жасалатын қолөнер шеберліктерін шындайды

- Тоқыма өнері бөлімінде тоқуды үйреніп, ілмек бізбен бұйым жасайды.

- Кестелеп тігуде мулине жіппен кестелеу өнерін меңгереді.

- Тігін машинасымен жұмыс кезінде жүргізілетін жұмыстар, ақаулар болған жағдайда оны қалпына келтіру, қосымша табан түрлерін алмастыру жұмыстарын үйренеді.

- Құрақ құрау бөлімінде құрақ түрлері, мағынасы, тігу әдістері үйретіледі. Аппликациялап оюлы бұйымдар тігу өнері.

- Жұмсақ бейне ойыншықтар бөлімінде жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясы үйретіледі. Экокожамен, фетрмен жұмыс.

- Су моншақ тоқып үйрену бөлімінде моншақпен әшекей бұйымдар жасау, моншақпен кестелеу, гүлдер, тал жасау жұмыстары үйретіледі.

- Фоамиран материалымен гүл түрлерін жасау.

- Киім тігу бөлімінде ұлттық нақыштағы киім үлгілерін тігу, әшекейлеу. Бас киім, көйлек, камзол киімдерін әшекейлеу.

- Жоба қорғау. Көрме ұйымдастыру. Оқушылар жасаған бұйымдарын шығармашылық жоба етіп қорғайды.

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының

«Шебер қолдар» үйірмесінің

2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	Уақыты	Ауыспалы тақырыптар
1	Кіріспе. Ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер. Үйірменің мақсаты, маңызы, қолданылуы, әдіс-тәсіл жұмыс түрлері. ҚТЕ танысу.	2	01.09.2023.	
2	Сәндік қолданбалы өнер түрлері.	2	06.09.	
3	Сазбалшықпен (Полимерная глина) әшекей бұйымдар жасау	2	08.09.	
4	Сазбалшықтан алқа жасау	2	13.09.	
5	Сазбалшықтан білезік жасау	2	15.09.	
6	Сазбалшықтан сырға жасау	2	20.09.	
7	Сазбалшықтан тұмаршалар жасау	2	22.09.	
8	Сазбалшықтан брош жасау	2	27.09.	
9	Сазбалшықтан магнитті ойыншықтар жасау.	2	29.09.	
10	Сазбалшықтан (скульптурная глина) сазсырнай жасау	2	04.10.	
11	Сазбалшықтан құмыра жасау	2	06.10.	
12	Сазбалшықтан мүсін жасау	2	11.10.	
13	Сазбалшықтан жасалған бұйымдарды өңдеп, әшекейлеу.	2	13.10.	
14	Құрақтап көрпеше тігу техникасы	2	18.10.	
15	Ши құрақ тігу, ленталарын қию.	2	20.10.	
16	Ою 3D оюлап тігу.	2	25.10.	
17	Ою мен құрақтарды біріктіру.	2	27.10.	
18	Көрпешені әсемдеп, өңдеу	2	08.11.	
19	Құрақтап тұмарша түрлерін тігу	2	10.11.	
20	Тұмаршаны безендіру.	2	15.11.	
21	Жұмысты қорғау, көрме.	2	17.11.	
22	Қалдық маталармен жұмыс	2	22.11.	
23	ПВХ қалдық материалынан құмыра жасау	2	24.11.	
24	ПВХ материалынан самолет жасау	2	29.11.	
25	ПВХ материалынан ағаш үй макетін жасау	2	01.12.	
26	Джут жібімен жұмыс. Картина «Құмырадағы гүл»	2	06.12.	
27	Джуттан ыдыстар жасау. Құман, кесе т.б.	2	08.12.	
28	Сәндік сөмке тігу техникасы	2	13.12.	
29	Фермуармен сөмке тігу	2	15.12.	
30	Дак матасынан шоппер сөмкесін тігу	2	20.12.	
31	Матаға, киімге сурет салу	2	22.12.	
32	Көрме	2	27.12.	
33	Ілмекбізбен үйге киетін биалай (тапочка) тоқу	2	10.01.2023.	
34	1-ші кезең, 2-ші кезең		12.01.	
35	Тапчканың 3 –ші кезеңі	2	17.01.	
36	Тапчканы аяқтау, сәндеу. Моншақпен, норкамен т.б.	2	19.01.	
37	Бисер, моншақтардан әшекей бұйымдар жасау	2	24.01.	
38	Брош жасау, тігу.	2	26.01.	
39	Өңіржиек тігу.	2	31.01.	
40	Өңіржиекті әсемдеу .	2	02.02.	

41	Ұлттық киім пішу (Көйлек, камзол)	2	07.02.	
42	Киім бөліктерін біріктіріп тігу	2	09.02.	
43	Бөліктерін біріктіру	2	14.02.	
44	Киімді өңдеу, әшекейлеу	2	16.02.	
45	Фильтинг инесімен жұмыс жасау техникасы	2	21.02.	
46	«Көш керуен» киізі. Эскиз құру	2	23.02.	
47	Фетр бетіне суретін орналастырып салу.	2	28.02.	
48	Фильтинг инесімен жұмыс жасау	2	01.03	
49	Киізбен жұмыс	2	06.03.	08.03.(2 сағат)
50	Киізді аяқтау	2	13.03.	
51	Киізді өңдеу, әсемдеу.	2	15.03.	
52	Көрме	2	20.03.	
53	Ілмекбізбен асханалық тұтқыштар тоқу	2	03.04	
54	Тұтқыштар жиынтығы	2	05.04	
55	Ілмекбізбен ұялы телефон сөмкесін тоқу.	2	12.04.	
56	Сөмкені өңдеу, әшекейлеу.	2	17.04.	
57	Былғарымен жұмыс	2	19.04.	
58	Торсық тігу	2	24.04.	
59	Торсықты безендіру	2	26.04.	01.05.(2 сағат)
60	Былғарыдан жасалатын әшекей бұйымдар	2	03.05.	
61	Былғарыдан әшекейлеп өңіржиек тігу	2	08.05.	
62	Былғары сумка	2	10.05.	
63	Кесте тігу өнері, түрлері. Біз кесте тігуге эскиз жасау	2	15.05.	
64	Біз кесте тігу	2	17.05.	
65	Кестені көркемдеп безендіру.	2	22.05.	
66	Жылдық шығармашылық жоба қорғау, қорытынды көрме	2	24.05.	